

Батырбеков Тайжан

1910 жылы Қостанай облысы Аманкелді ауданы Қайыңды ауылында туған. Аманкелді орта мектебінде оқыған. Ақөткел бастауыш мектебінде мұғалім болған. Қостанай қаласындағы совпартшколдан кейін аманкелді аудандық комсомол комитетінде нұсқаушы, дайындау мекемесінде қызмет істеп, 1942 жылдың мамырында әскер қатарына алынған. Шұбаркөл станциясында әскери дайындықтан өтіп, 1942 жылдың қазан айында Сталинград түбіндегі шайқасқа қатысады. 1943 жылы қаңтар айында қоршауда қалған жаумен болған ұрыста жараланып, госпитальға түсті. 3 ай емделіп, қайтадан Орлов бағытындағы майданға жіберілді. Курскі доғасындағы болған қантөгіс шайқаста ауыр жарақаттанып, бір аяғынан айрылады. Госпитальда жатып емделгеннен кейін елге оралады. Соғыста көрсеткен ерліктері үшін III дәрежелі «Даңқ» орденімен, «Ерлігі үшін», «Сталинградты қорғағаны үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» және бірнеше мерекелік медальдармен марапатталады. 1944-1961 жылдары Аманкелді аудандық әлеуметтік қамсыздандыру мекемесінде бөлім меңгерушісі қызметін атқарған. 1983 жылға дейін аудандық жол бөлімінде кассир-есепші болып зейнеткерлікке шыққан. 1992 жылы 11 қарашада қайтыс болған.



